7199-25-00-2а/6461

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 18 қараша Астана қаласы

Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья А.К.Кәрімова, судьялар Г.Қ.Қаженова, А.Болатұлы,

прокурор Д.Б.Жұмагуловтың,

талап қоюшының өкілі Т.С.Дуйсенбаевтың, жауапкердің өкілі Е.Ғ.Өмірзақтің қатысуымен,

ашық сот отырысында Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 2 қыркүйектегі шешіміне түскен талап қоюшының апелляциялық шағымы бойынша талап қоюшы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкерлер «Тех строй гид» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – ЖШС), «Первомайск-Торгово-производственная компания» ЖШС-не, «Макария» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы бойынша азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – 11567 әскери бөлімі) мен «Тех строй гид» ЖШС арасында 2025 жылғы 10 қаңтарда №91-ПС мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалды (бұдан әрі – №91-ПС Шарты). Осы шарттың талаптарына сәйкес «Тех строй гид» ЖШС 28000 жинақ 17 нормадағы жеке тамақтану рационы түріндегі тауарды, әрбір жинағын 6174.50 теңгеден, барлығы 172 886 000 теңгеге Алатау қаласында орналасқан 99295 әскери бөліміне жеткізуге міндеттелген.

№91-ПС Шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 30 мамырға дейін белгіленген.

Алайда «Тех строй гид» ЖШС-мен аталған тауар жеткізілмеген, 2025 жылғы 20 маусымға тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алу 21 күнтізбелік күнді құрады.

№91-ПС Шарттың 7.3-тармағына сәйкес шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған және тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

11567 әскери бөлімі мен «Первомайск-Торгово-производственная компания» ЖШС арасында 2025 жылғы 10 қаңтарда №108-ПС мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалынды (бұдан әрі – №108-ПС Шарты). Осы шарттың талаптарына сәйкес «Первомайск-Торгово-производственная компания» ЖШС 7000 жинақ 18 нормадағы жеке тамақтану рационы түріндегі тауарды, әрбір жинағын 8041.60 теңгеден, барлығы 56 291 200 теңгеге Тараз қаласында орналасқан 63563 әскери бөліміне жеткізуге міндеттелген.

Құжатқа қол қойылған: Каримова А. К., 21.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Каженова Г. К., 20.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 20.11.2025

№108-ПС Шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 30 мамырға дейін белгіленген.

Алайда «Первомайск-Торгово-производственная компания» ЖШС-мен тауар жеткізілмеген, 2025 жылғы 20 маусымға тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алу 21 күнтізбелік күнді құрады.

№108-ПС Шарттың 7.3-тармағына сәйкес шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған және тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

11567 әскери бөлімі мен «Макария» ЖШС арасында 2025 жылғы 10 қаңтарда №148-ПС мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалынды (бұдан әрі – №148-ПС Шарты). Осы шарттың талаптарына сәйкес «Макария» ЖШС 5000 жинақ 18 нормадағы жеке тамақтану рационы түріндегі тауарды, әрбір жинағын 8039.60 теңгеден, барлығы 40 198 000 теңгеге Алатау қаласында орналасқан 99295 әскери бөліміне жеткізуге міндеттелген.

№148-ПС Шарттың талаптарына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 30 мамырға дейін белгіленген.

«Макария» ЖШС-мен тауар жеткізілмеген, 2025 жылғы 20 маусымға ауарды жеткізу мерзімін өткізіп алу 21 күнтізбелік күнді құрады.

№148-ПС Шарттың 7.3-тармағына сәйкес шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған және тиісінше орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Талап коюші талап қоюда шарттар бойынша міндеттемелерді жауапкерлермен тиісінше орындамағанын, сондықтан олар мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тануға жататынын және олардан тұрақсыздық айыбын өндіріп алу керектігін көрсеткен.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 2 қыркүйектегі шешімімен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің талабын ішінара қанағаттандырылды.

Жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талапты қанағаттандырудан бас тартылды.

«Тех Строй Гид» ЖШС-нен мемлекетке 3 630 606 теңге айыппұл, 108 918 теңге мемлекеттік баж өндірілді.

«Макария» ЖШС-нен мемлекетке 844 158 теңге айыппұл, 25 325 теңге мемлекеттік баж өндірілді.

«Первомайск-Торгово-Производственная компания» ЖШС-нен 1 182 115 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Құжатқа қол қойылған: Каримова А. К., 21.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Каженова Г. К., 20.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 20.11.2025

Талап қоюшы апелляциялық шағым берді, соттың шешімін өзгертуді сұрады. Сот шешімінің «Тех строй гид» ЖШС және «Макария» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылары деп танудан бас тарту бөлігінің күшін жоюды, осы бөлігінде талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешімді шығаруды сұрады. Жауапкерлер шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамағанын атап өтті. "Тех строй гид" ЖШС тауарды толық көлемде жеткізбеді, ал "Макария" ЖШС ірімшік бөлігінде жеткізген тауар мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмеді.

Жауапкерлер «Первомайск-Торгово-Производственная компания» ЖШС, "Макария" ЖШС белгіленген уақытқа сот отырысына қосылмады, осыған байланысты алқа істі Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 418-бабы 2-тармағының тәртібімен жауапкерлердің қатысуынсыз қарады.

Тараптар және прокурорды тыңдап, іс материалдарын зерттеп, алқа келесіге келді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу заңнамасын қолдану туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының 8 тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Бірінші сатыдағы сот талапты ішінара қанағаттандыра отырып, келесі көрсетті.

Сотқа екі жақтың қолы қойылған тауарларды қабылдау-тапсыру актілері ұсынылды. Демек, жауапкерлер тауарды талапкерге беру арқылы шарттарды орындаған.

Шынында иә, талапкер тауарға сараптама жүргізуге құқылы, алайда, егер тауардың шарт талаптарына сайкестігі расталса, олар жеткізу мерзиміне қарай қабылданады.

Келісімшарттар талапкермен бұзылған жоқ. Демек, олар орындалмады немесе орындалмайды деп талап қоюшыда негіз жоқ.

Алқа бірінші сатыдағы соттың осы тұжырымдарымен келіспейді.

Жауапкерлер өздері жеткізген тауардың санына, сондай-ақ мемлекеттік стандартқа сәйкес келетіндігі туралы ешқандай дәлел келтірмеді.

Құжатқа қол қойылған: Каримова А. К., 21.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Каженова Г. К., 20.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 20.11.2025

Талап қоюшы міндеттемелерді орындамауына байланысты 2025 жылғы 16 қазаннан бастап жауапкерлермен шарттарды біржақты тәртіппен бұзу туралы хабарламалар ұсынды. Хабарламада "Макария" ЖШС мекенжайына 5 000 жеке рацион жиынтығы жеткізілмегені көрсетілген. "Тех строй гид" ЖШС мекенжайына хабарламада жеке тамақтану рационының 10 000 жиынтығы жеткізілмегені көрсетілген.

Осылайша, соттың талапты толық қанағаттандыру үшін жеткілікті негіздері болды.

Осыған байланысты, алқа талап қоюшының сот шешімінің күшін жою және аталған жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану бөлігінде талап қоюды қанағаттандыру қажеттігі туралы апелляциялық шағымымен келіседі.

Қалған бөлігінде сот шешімі заңды болып табылады, өзгеріссіз қалдырылады.

АПК-нің 424-бабының 1-бөлігіннің 2 тармағын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 2 қыркүйектегі шешімі өзгертілсін.

«Тех строй гид» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін, «Макария» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талапты қанағаттандырудан бас тарту бөлігінде соттың шешімі жойылсын, осы бөлімде талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

«Тех строй гид» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Макария» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушалары деп танылсын және олардан әрқайсысынан мемлекеттің кірісіне (БСК 108 126) 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңгеден мемлекеттік баж өндірілсін.

Қалған бөлігінде сот шешімі өзгеріссіз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Апелляциялық сатыдағы сотының қаулысына заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде оған кассациялық шағым, наразылық азаматтық істер жөніндегі Кассациялық сотқа берілуі мүмкін.

Төрағалық етуші А.К.Кәрімова

судьялар Г.Қ.Қаженова

7199-25-3-2/6501

А.Болатұлы

Құжатқа қол қойылған: Каримова А. К., 21.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Каженова Г. К., 20.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 20.11.2025
7199-25-3-2/6501

Құжатқа қол қойылған: Каримова А. К., 21.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Каженова Г. К., 20.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Болатұлы А., 20.11.2025

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?
ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы
- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу
Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:
- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911